



**Қазақ тілі /оқыту қазақ тілінде
емес/**

**пәні бойынша мектеп бітірушілерді
қорытынды аттестаттау.**

II блок -Оқылым

**Кенжебекова Дарига
Болатовна**

**№31 МГ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі;**



11-сынып бағдарламасы бойынша мемлекеттік қорытынды аттестаттауға

«Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі»	-мәтін мазмұнындағы деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіру және оны бағалау;
«Ұлттық театр –өнер ордасы»	мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау, Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау
«Туризм: экотуризм»	-көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз ойын логикалық тұрғыдан жеткізу;
«Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік»	-әдеби шығармадағы көтерілген әлеуметтік қоғамдық мәселені талдау, кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау;
«Экология. Мұнай және атомдық индустрия»	-мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау;
«Тіл. Өнер. Әдебиет»	-ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндер (дәріс) бойынша салыстырмалы (құрылымы, қызметі, мақсатты аудиториясы, оқырманға әсері) талдау жасау;
«Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі»	-ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндер/мақала, интервью/бойынша салыстырмалы /жанры, құрылымы, тілдік құралдары, мақсатты аудиториясы/талдау жасау;

10-сынып бағдарламасы бойынша мемлекеттік қорытынды аттестаттауға

1	«Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек»	-ғылыми көпшілік және публистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала) мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау;
2	«Жастардың денсаулығы- қоғам байлығы»	-әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау
3	«Сандық технологияны пайдаланудағы теңсіздік»,	-мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау;
4	«Қоғам және заң»	-мәтінге сүйеніп, монолог, диалог құрауды сөйлеу әдеби формаларын орынды қолдану; Оқылым тапсырмалары осы сыныптардағы өтілетін модульдер күнтізбелік тақырыптық жоспар бойынша берілген мақсаттарды негізге алып, жасалуы кажет. Яғни, осы оқу мақсаттарына сүйеніп, тапсырмаларды дайындаймыз.

II кезең. Оқылым.

Оқылым бөлімінде оқуға **2 мәтін** алынып, әр мәтінге **5 тест** тапсырмасы беріледі. Оның **3 тест** тапсырмасы **мәтін мазмұнына**, ал **2 тапсырма тілдік бағдарға** құрылады.

Екінші мәтін бойынша **ашық формадағы қысқаша** немесе **толық жауапты** қажет ететін **3 тест** тапсырмасы беріледі. Сол білім алушының «Жазылым» дағдысы тексеріледі.



АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Сұрақтарға толық әрі қысқа жауап беріңдер. Жауаптарыңда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын сақтаңдар.

Үлгі:

Сұрақ: Қазақстан Республикасында қанша ұлттың өкілдері тұрады?

Толық жауап: Қазақстан Республикасында 130-дан астам ұлттың өкілдері тұрады.

Қысқа жауап: 130-дан астам.

Сұрақ: Қазақстан — қандай мекен?

Толық жауап:

Қысқа жауап:

Сұрақ: Қазақ халқы кімдерді құшақ жая қарсы алды?

Толық жауап:

Қысқа жауап:

Сұрақ: Оларға қандай жағдай жасады?

Толық жауап:

Қысқа жауап:

Сұрақ: Қазақстан бүгінде қандай елге айналды?

Толық жауап:

Қысқа жауап:

Сұрақ: Н. Ә. Назарбаев нені міндет етіп қойды?

Толық жауап:

Қысқа жауап:



Қазіргі таңда көп қолданылатын екі тест түрі бар. Олар: ашық және жабық

Ашық тест дегеніміз сұрақтары сөйлем түрінде келеді. Нұсқалары болмайды және жауаптың орнын көп нүктемен жалғайды

Жабық тест дегеніміз бір сұрақтың төрт немесе бес нұсқалары болады. Оның ішінде бір дұрыс жауабы болады.

«ҰЛТТЫҚ ТЕАТР –ӨНЕР ОРДАСЫ»

ТАҚЫРЫБЫН АЛЫП ОТЫРМЫН.

**МОДУЛЬ БОЙЫНША ОҚУ МАҚСАТЫ : МӘТІНДЕГІ НЕГІЗГІ
ЖӘНЕ ҚОСЫМША АҚПАРАТТАРДЫ АНЫҚТАЙ ОТЫРЫП,
ФАКТИ МЕН КӨЗҚАРАСТЫ АЖЫРАТУ, МӘТІН ИДЕЯСЫМЕН
БАЙЛАНЫСЫН АНЫҚТАУ, ӘДЕБИ ШЫҒАРМАДА
КӨТЕРІЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК ҚОҒАМДЫҚ МӘСЕЛЕНІ
ТАЛДАУ ЖӘНЕ КЕЙШКЕРЛЕРДІ ШЫНАЙЫ ӨМІРМЕН
САЛЫСТЫРЫП БАҒАЛАУ
ДЕП БЕРІЛГЕН.**

**ЕНДІ ОСЫ ТАҚЫРЫП ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ОҚЫЛЫМ
ТАПСЫРМАЛАРЫН ҚАРАСТЫРАЙЫҚ.**

Оқылым.

1-тапсырма

Ұлттық театр – өнер ордасы

Театр – сахналық өнердің өмір көріністерін драмалық әрекет арқылы көрермендердің көз алдында актерлер күшімен бейнелейтін бір түрі; ойын-сауық немесе спектакль; түрлі сахналық ойын-сауықтар, сонымен қатар жалпы мәдени шаралар өткізілетін орын-жай.

Театр - адам жанының рухани азығы. Театр арқылы адам өседі, өнеді рухани дамиды. Тек көңіл көтеру емес, мәдени ошақ. Өткен дәуірдің тұрмыс тіршілігін, мәдениетін, өнерін барлығын қазіргі заманғы халыққа жеткізуде театрдың алар орны ерекше.

Көрермендер де театр сахнасында өтіп жатқан оқиға әрекет пен оған қатысушы-қаһармандардың ой-арманына, шат күлкісі мен сезім діріліне, күйінішіне. Театрдағы басты тұлға, пьесадағы берілген жағдайға байланысты әрекет етіп, сахналық қаһарманның характерін жасайтын – актер. Оның бойынан орындаушылық өнерге қоса ойшыл суреткерлік қасиет те айқын аңғарылады. Актер образы пьеса және спектакльді қоюшы-режиссердің (қара Режиссерлік өнер) түсінік-шешімі мен түсіндірмесі негізінде өмірге келеді. Өнердің өзге түрлеріндей театр да өмір шындығын көркем образдар жүйесі арқылы бейнелейді. Ал мұның өзі спектакль бойынша жүзеге асады....

..... Театр – табиғатынан көпшілік қауымға ғана арналған, қоғамдық-мәдени мән-маңызы үлкен өнердің бірі. Ол көрерменсіз, жеке өз алдына өмір сүре алмайды. Осыған байланысты сахна мен көрермен бірігіп отырып шынайы өмір құбылысына ой жүгіртеді, оған өз тұрғысынан баға береді; театр көрермендердің ішкі жан сезіміне әсер етіп, терең толғандырған жағдайда ғана өзінің қоғамдық-әлеуметтік қызметін атқарып, эстетикалық мақсат-мұратына жетеді. /356 сөз/

Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Адам жанының рухани азығы, халықты эстетикалық адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелейтін құрал.

- А. Спектакль
- Ә. Музыка
- Б. Театр +
- В. Мюзикл
- Г. Кинофильмдер

2. Театр арқылы адам не істейді?

- А. Қуанады;
- Ә. Өседі, рухани дамиды; +
- Б. Материалды дамиды;
- В. Шығармашылыққа байланысты;
- Г. Мақсат-мұратына жетеді

3. Театрдағы басты тұлға кім?

- А. Режиссер;
- Ә. Актер; +
- Б. Оператор;
- В. Көрермендер;
- Г. Жастар

4. Өзгеше, айрықша сөздерінің синонимін мәтіннен табыңыз?

- А. Рухани азығы;
- Ә. Орны ерекше; +
- Б. Көрсетілім, шығармашылық;
- В. Көп, терең іздену;
- Г. Амал-тәсілдер;

5. Өмір-тұрмысы, сезім-түйсігі, ой-түсінігі сөздерінде қойылған сызықшаның себебі:

- А. Жер, уақыт аралық шегі;
- Ә. Қос сөздер; +
- Б. Жалпылауыш сөздер;
- В. Бастауыш пен баяндауыш арасында;
- Г. Төл сөздер.



Оқылым бөлімінде оқуға 2 мәтін алынып, әр мәтінге 5 тест тапсырмасы беріледі. Оның 3 тест тапсырмасы мәтін мазмұнына, ал 2 тапсырма тілдік бағдарға құрылады.

- Оқылым.

- 2-тапсырма

- Жастардың денсаулығы – қоғам байлығы

- Салауатты өмір салтын қалыптастыру – денсаулық кепілі. Қазіргі кезеңде үнемі алда тұрған өзекті мәселенің бірі – адам тәрбиесі, яғни жас ұрпақ тәрбиесі. «Не ексең соны орасың», – деген халық мақалы соның айғағы. Ұрпағынды қалай тәрбиелесең отбасы да, мемлекеттің де болашағы, оның беріктігі осыған байланысты. Денсаулығымыз жақсы болу үшін салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызы зор. Тәуелсіз мемлекетіміздің тірегі болар жас ұрпақтың дені сау болса ғана биік шыңдарға қолы жетері, халқына қызмет етері даусыз. Елдің болашағы – оның халқының денсаулығына байланысты екендігі – дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Ал біздің болашақтағы бағытымыз – салауатты өмір салты.

- Денсаулық проблемаларын сараптау қорытындысының нәтижесі салауатты өмір салтын ұстануды жетілдіру керектігін көрсетті. Әсіресе қазіргі қоғамдағы жастар денсаулығы көптеп алаңдатуда. Жастар біздің болашағымыз. Болашағымыздың жарқын болуы үшін жастарға салауатты өмір салтын насихаттап, зиянды әдеттерден бойды аулақ ұстауға шақыруымыз қажет.

- Денсаулық деген не? Денсаулық ұғымына берілген анықтамалар өте көп. Үлкен медициналық энциклопедияда денсаулық организм мен жүйенің атқаратын қызметін сыртқы орта теңдестіріп, ешқандай ауырсыну өзгерістері байқалмайтын адам күйі ретінде сипатталады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасы бойынша «Денсаулық дегеніміз — бұл аурудың немесе дене қемтарлығының жай ғана жоқ болуы емес, денелік, психикалық және әлеуметтік тұрғыдан ойдағыдай толық күйі». Бірінші байлық - денсаулық дейміз.

- Денсаулық - тән, рухани және әлеуметтік игіліктің жиынтығы. Денені үнемі ширықтыру, шынықтыру, сананың сапа деңгейін көтеру, интеллект өрісін биіктету, рухынды шыңдау - бәрі де денсаулыққа қызмет етеді. Қазіргі уақыттағы әлеуметтік- экономикалық жағдай, тіршілік деңгейінің құлдырауы және экологиялық қолайсыздық Қазақстан Республикасының бүкіл халқының, әсіресе, өскелең ұрпақтың денсаулығына кері әсерін тигізуде. Ел Президентінің “Қазақстан - 2030” жолдамасындағы ұзақ мерзімді басымдықтың бірі - “Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мән әл ауқаты” тармағында, “...азаматтарымыздың өз өмірінің аяғына дейін сай болуы және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін” азаматтарымызды салауатты өмір салтына әзірлеу қажеттігі көрсетілген. Бүгінгі таңда өз тәуелсіздігін алған егеменді еліміз осы бағытта Қазақстан мектептеріне жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан дара тұлғаларды тәрбиелеу басты талап етіп қойылған. Қазақстан азаматтарының денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын ынталандыру туралы елбасының жолдауын, егемендіктің кілтін ұстар жастардың болашағына апаратын, алтын сұрлеу десе болады. /323 сөз/

-

Мәтінді оқып, сұраққа жауап беріңіз: **1.Қазіргі кезеңде үнемі алда тұрған өзекті мәселенің бірі қандай?**

А. Қоршаған орта;

Ә. Жас ұрпақ тәрбиесі; +

Б. Дара тұлға;

В. Заман талабы;

Г. Фильмдер түсіру.

2. Қалай ойлайсың, денсаулық сақтау үшін не істеу керек?

А. Ештеңе ойламау;

Ә. Салауатты өмір салтын қалыптастыру; +

Б. Көзқарасты өзгертпеу;

В. Қаржыға байланысты;

Г. Мақсат-мұратына жету.

3. Денсаулыққа не қызмет етеді?

А. Рухани және әлеуметтік игіліктің жиынтығы;

Ә. Денені үнемі ширықтыру, шынықтыру+

Б. Сананың сапа деңгейін көтермеу;

В. Сана-сезімге байланысты;

Г. Интеллект өрісін биіктетпеу;





**Назарларыңызға
рахмет!**

